

**2025-2026-ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАЛПЫ БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ**

11-СЫНЫП

ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН

ӨЗБЕКСТАН ТАРИХЫ

**ПӘНІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ
ӨТКІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫСТАР МЕН МАТЕРИАЛДАР**

**ТАНДАУ
ПӘНДЕРІ**

2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ 11-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН ӨЗБЕКСТАН ТАРИХЫ ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Аталған спецификация жалпы білім беретін мектептердің 11-сынып оқушыларының Өзбекстан тарихы пәні бойынша білім, дағды және құзыреттіліктерін бағалауда қолданылатын тест тапсырмаларының мазмұны, қамту аясы, түрі, формасы, бағалау өлшемдері және өткізу тәртібіне қойылатын талаптарды қамтиды.

I. Жалпы қағидаттар

Бағалау мақсаты – 11-сынып оқушыларының Өзбекстан тарихы пәні бойынша білім, дағды және құзыреттіліктерін қолданыстағы оқу бағдарламаларында белгіленген оқу мақсаттары негізінде кешенді бағалау. Аталған бағалау нәтижелері негізінде 11-сыныптар үшін қорытынды мемлекеттік аттестацияда қабылданатын шешімдердің негізді (валидті) болуын қамтамасыз ету мақсатында бағалауда валидтілік, сенімділік, әділдік және ашықтық қағидаттарының сақталуы қамтамасыз етіледі.

II. Нормативтік негіздер

1. Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрінің 2008 жылғы 4 наурыздағы «Жалпы орта білім алушылардың қорытынды мемлекеттік аттестациясы туралы ережені бекіту туралы» №56 бұйрығымен бекітілген, «Жалпы орта білім алушылардың қорытынды мемлекеттік аттестациясы туралы ереже».

2. Өзбекстан тарихы пәнінен 6–11-сыныптарға арналған қолданыстағы оқу бағдарламасы.

3. Өзбекстан Республикасы Мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрлігінің 2026 жыл 16 наурыздағы “2025-2026 оқу жылында жалпы орта білім беру орталықтарында оқушылардың қорытынды мемлекеттік аттестациясын ұйымдастыру және өткізу туралы” 102-сан қаулысы.

III. Бағалау қамту аясы және бөлінген уақыт

Оқушылар үшін Өзбекстан тарихы пәні бойынша білім деңгейін анықтауға арналған қорытынды мемлекеттік аттестация сынағында барлығы 20 тест тапсырмасы ұсынылады. Қорытынды мемлекеттік аттестация

сынақтарын өткізу үшін **180 минут** уақыт беріледі. Тест тапсырмаларының мазмұндық саласы, бағаланатын білім, дағдылар мен құзыреттіліктер бойынша бөлінісі төмендегі кестелерде көрсетілген:

Мазмұндық сала	Құрастырушылар	Тест саны
		20
Ежелгі дүние тарихы	<ul style="list-style-type: none"> – Ежелгі дәуір, алғашқы адамдар, олардың діни сенімдері, өнертабыстары мен ежелгі мекендерінің сипаттамасын табу; – Орта Азияда жаңа діннің пайда болуы, ежелгі тайпалар мен олар негізін қалаған мемлекеттерге қатысты мәліметтердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; – Өлкемізде алдымен Ахеменидтер, кейіннен Македония мемлекетінің үстемдігінің орнауы және оның әсерінен болған оқиғаларды ажырата білу; – Б.з.б. IV ғ. – б.з. III ғ. аралығында өмір сүрген Орта Азия мемлекеттеріне қатысты мәліметтерді анықтау. 	2
Орта ғасырлар тарихы	<ul style="list-style-type: none"> – Орта Азиядағы әлеуметтік жағдай, Ерте Орта ғасырлардағы мемлекеттер, жергілікті иеліктер, сол дәуірдегі мәдени өмір туралы мәліметтерді сәйкестендіре алу; – Арабтардың өлкемізде үстемдік орнатуы және оның нәтижесінде Тұрандағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени саладағы өзгерістерді сәйкестендіре алу; – Араб үстемдігінен кейінгі Орта Азиядағы саяси жағдай, Хорезмдегі Мамунидтер, кейіннен Ануштегинидтер (Хорезмшахтар) мемлекетіне қатысты мәліметтерді анықтау; – Жалаладдин Мангубердінің ерлігі, Шағатай ұлысы және этникалық процестерге қатысты мәліметтерді ажырату және сәйкестендіру; – Мауереннахр мен Хорезмдегі мәдени өмір: әдебиет, діни білімнің дамуы, сәулет өнері мен музыкаға қатысты мәліметтерді салыстыру; – Темуридтер империясының құрылуы, осы мемлекеттің саяси, экономикалық, әскери және мәдени өмірін салыстыру; – XIV–XV ғғ. ғылым мен мәдениеттің заманауи өркениет дамуындағы орнын анықтау. 	3
Үш хандық дәуірі	<ul style="list-style-type: none"> – XV ғ. аяғы – XVI ғ. басындағы Мауереннахр мен Хорасандағы саяси жағдайды анықтау; – Бұхара хандығының құрылуы, мемлекеттік басқару, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және әскери салаларын ажырата білу; 	3

	<ul style="list-style-type: none"> – Аштарханидтер билігі және Маңғыттар әулетінің билікке келуі, Хиуа хандығының құрылуы, осы мемлекеттердің ішкі-сыртқы саясаты мен өзара қарым-қатынастарын салыстыру; – Қарақалпақтардың халық ретінде қалыптасуы, олардың әлеуметтік, саяси, мәдени өмірін талдау; – Мыңдар әулетінің билікке келуі, Қоқан хандығының ішкі және сыртқы саясатына қатысты мәліметтерді талдау және қорытындылау. 	
<p>Өзбекстан тарихының XIX ғасырдың ортасынан – 1917 жылға дейінгі кезеңі</p>	<ul style="list-style-type: none"> – XIX ғ. ортасындағы Орта Азия мемлекеттеріндегі оқиғаларды талдау; – Ресей империясының Орта Азияға басып кіруі, отаршылдық саясатқа қарсы халықтық қозғалыстарды анықтау, қорытындылау; – Түркістан генерал-губернаторлығы, жер-су және сот жүйесіндегі реформаларды талдау, қорытындылау; – XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында қарақалпақтардың географиялық орналасуы, олардың әлеуметтік өмірі, Түркістан генерал-губернаторлығы құрамына енгізілуіне қатысты мәліметтердің хронологиялық ретін анықтай алу; – Жәдидшілдік қозғалысының пайда болуы, олардың мақсат-міндеттері мен өкілдерінің қызметін ажырату; – Бірінші дүниежүзілік соғыстың Түркістанға әсері мен зардаптарын анықтау; – Жас бұхаралықтар мен жас хивалықтардың қызметі, Бұхара әмірлігінің, Хиуа хандығының жойылуы, отарлық кезеңдегі мәдени өмірге қатысты мәліметтердің жіктелуін анықтау; – Отарлық жағдайда Түркістандағы білім беру жүйесі, баспасөз, ғылымның дамуы, театр, музыка, сәулет өнері салаларының өзіндік ерекшеліктерін ажырата алу; 	4
<p>Өзбекстанның 1917 – 1991 жылдардағы тарихы</p>	<ul style="list-style-type: none"> – 1917 жылғы Ресейдегі биліктің ауысуы, оның Түркістанға әсері, Түркістанда кеңес өкіметінің орнауына байланысты мәліметтерді ажырата алу; – Түркістан автономиясының құрылуы мен жойылуы, Орта Азияда жүргізілген ұлттық-азаттық қозғалыс туралы мәліметтерді ажырата алу; – Орта Азияда жүргізілген аумақтық межелеу және оның салдары, Кеңес өкіметінің Түркістанда жүзеге асырған реформалары мен жүргізген саясатына қатысты мәліметтерді анықтай алу; – Өзбек КСР-інде XX ғасырдың 20–30 жылдарында жүргізілген қуғын-сүргін саясатына қатысты мәліметтерді ажырата алу; – Екінші дүниежүзілік соғыс, өзбекстандықтардың майдандағы ерлігі мен қаһармандығы туралы мәліметтерді анықтау, ажырата алу; – Тұңғыш генерал-майор Собир Рахимовтың қызметі, соғыс жылдарындағы ғылым мен 	4

	<p>мәдениеттің жағдайы, соғыстан кейінгі кезеңде Өзбек КСР-інің халық шаруашылығына қатысты мәліметтердің жіктелуін табу;</p> <p>– XX ғасырдың 80–90 жылдарында Өзбек КСР-інде «Мақта ісі», «Өзбек ісі» деп аталған саяси қуғын-сүргіннің жүзеге асырылуы, атеистік үгіт-насихатқа қатысты мәліметтердің реттілігін анықтай алу..</p>	
<p>Өзбекстанның тәуелсіздік кезеңі (1991 – 2025)</p>	<p>– Өзбекстан Республикасының құрылуы, мемлекеттік басқару жүйесі, азаматтық қоғамның қалыптасуын анықтай алу;</p> <p>– Мемлекетіміздің Қарулы Күштері мен ұлттық армиясының қалыптасуы, осы салада жүзеге асырылған реформалардың жіктемесін табу;</p> <p>– Ұлттық экономика, әлеуметтік саясат және оны жүзеге асыру кезеңдерін ажырата алу;</p> <p>– Елде өндірістік әлеуеттің артуы және әлемдік экономикаға интеграциялануы, ұлттаралық татулық пен діни төзімділік саясаты, білім беру мен ғылым туралы мәліметтерді анықтау;</p> <p>– Ұлттық және діни құндылықтар, ұлы ата-бабалар мұрасының жаңғыруы, мәдениет пен өнердің дамуына қатысты мәліметтерді ажырата алу;</p> <p>– Өзбекстан Республикасының сыртқы саясатының қалыптасуы мен басым бағыттары, әлемнің жетекші елдерімен ынтымақтастығына қатысты мәліметтерді анықтау;</p> <p>– Өзбекстанның халықаралық ұйымдарға мүше болуы және олармен бірлесіп жүзеге асырылған бағдарламаларды анықтау.</p>	4
Жалпы		20

IV. Когнитивтік дағдылар бойынша бөлінісі

Когнитивтік деңгей	Түсіндірмесі	Тест саны (дана)
Білу (Б)	Білу деңгейіндегі, яғни репродуктивті тапсырмалар оқушыдан оқу материалын қайта өңдемей, жадында сақтап, таныс жағдайларда қолдануды талап етеді. Бұл түрдегі тапсырмалар мыналарды бағалайды: заңдылықтар, қасиеттер, ұғымдар, терминдердің мәні және оларды есте сақтау.	5
Қолдану (Қ)	Қолдану деңгейіндегі, яғни продуктивті тапсырмалар оқушыдан меңгерілген заңдар мен заңдылықтарды берілген жағдайға сәйкес таңдау, талдау, салыстыру, ұқсату, бірнеше заңдар мен заңдылықтарды бір уақытта қолдану және жалпылау, сондай-ақ қорытынды шығаруды талап етеді.	13
Ой қорыту (О)	Ой қорыту деңгейіндегі, яғни интеллектуалдық тапсырмалар оқушыдан меңгерілген білім мен дағдыларды таныс емес жағдайларда қолдану, талдау, синтездеу, салыстырмалы түрде салыстыру, заңдар мен заңдылықтарды пайдаланып жалпылау және қорытынды шығаруды талап етеді.	2

V. Тапсырма түрлері бойынша бөлінісі

ТАПСЫРМА ТҮРІ	ТҮСІНІКТЕМЕСІ	ТАПСЫРМА САНЫ
Қысқа жауапты ашық тест (А1)	сұраққа қысқа сөйлеммен жауап беруді талап ететін жазбаша тапсырмалар	6 дана
Сәйкестендіру ашық тесті (А2)	сұрақ мазмұнына сәйкес жауаптарды сәйкестендіруді талап ететін жазбаша тапсырмалар	5 дана
Көп таңдаулы жабық тест (Ж1)	сұрақ мазмұнына сәйкес келетін жауап нұсқаларының ішінен дұрысын табуды талап ететін жабық тест тапсырмалары	9 дана

VI. Бағалау критерийлері және балды бағаға айналдыру тәртібі

Оқушылардың жазбаша жұмыстары қорытынды мемлекеттік аттестация сынақтарында ең жоғары 100 баллмен бағаланады. Тапсырмалар үшін белгіленген баллдар олардың күрделілік деңгейін, орындау барысында талап етілетін білім, дағды және логикалық ойлау көлемін ескере отырып белгіленген. Тапсырмалар мазмұны мен қиындық деңгейіне қарай әртүрлі

баллмен бағаланады. Әрбір тапсырманың бағалау критерийі бағалау форматында берілген. Төменде балды бағаға айналдыру кестесі келтірілген:

Балды бағаға айналдыру кестесі

Балл (%)	Баға	Түсіндірмесі
0 – 29	“2”	“қанағаттанарлықсыз”
30 – 65	“3”	“қанағаттанарлық”
66 – 85	“4”	“жақсы”
86 – 100	“5”	“үздік”

VII. Бағалау түрі

Оқушының білім, дағды және құзыреттіліктерін бағалау кезеңі, бағаланатын мазмұн саласы, тапсырма түрі, когнитивтік үдеріс және бағалау критерийлері төмендегі кестеде берілген:

Тапсырма рет саны	Мазмұндық саласы	Тапсырма түрі	Когнитивтік деңгейі	Бағалау критерийі
1-кезең				
1.	Ең көне құрылыстан өркениетке қарай	A1	Б	2 балл
2.	Б.з.б. I мыңжылдықтағы Орта Азия	A2	Қ	6 балл
3.	Орта ғасырларда жер иелену қатынастарының қалыптасуы мен дамуы. Араб халифаты дәуіріндегі Мәуереннаһр	A2	Қ	6 балл
4.	Мәуереннаһрда тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы. Ата-бабаларымыздың ғылыми мұрасы — мәңгілік рухани қазына	A2	Қ	6 балл
5.	Әмір Темір және Теміршілер дәуірінің тарихы. XIV – XV ғасырлардағы ғылым мен мәдениеттің заманауи өркениет дамуындағы рөлі мен маңызы	A2	Қ	6 балл
6.	XV ғасырдың соңы – XVI ғасырдың басындағы Мәуереннаһр мен Хорасандағы саяси жағдай	A2	Қ	6 балл
7.	Бұхара хандығы мен әмірлігі. Хиуа хандығы	A2	Қ	6 балл
8.	XVI – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қарақалпақтар. XVIII – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қоқан хандығы	A3	М	6 балл
9.	XIX ғасырдың ортасындағы өзбек хандықтарының саяси, экономикалық және мәдени өмірі. Ресей империясының Орта Азияны жаулап алуы. Ресей	A3	М	6 балл

	империясының Түркістандағы отаршылдық саясаты			
10.	XIX ғасыр соңындағы Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыстар. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасыр басындағы қарақалпақтар	A2	Қ	6 балл
11.	Жадидшілдік қозғалысы және оның Түркістанның қоғамдық-саяси және мәдени өміріне әсері. Түркістан және Бірінші дүниежүзілік соғыс. XIX ғасыр соңы – XX ғасыр басындағы Бұхара әмірлігі мен Хиуа хандығы	A2	Қ	6 балл
12.	Отаршылдық жағдайындағы Түркістанның мәдени өмірі	A1	Б	2 балл
13.	1917 жылғы ақпан, қазан оқиғалары, оның Түркістанға әсері. Түркістан автономиясы, Түркістан АКСР-і, БХКР, ХХКР-дегі кеңес өкіметіне қарсы қарулы қозғалыстар	A2	Қ	6 балл
14.	Орта Азиядағы аумақтық межелеу. Кеңес өкіметі жүзеге асырған реформалардың мәні. Өзбекстандағы кеңес өкіметі жүргізген индустрияландыру және мәдени саясат	A1	Б	2 балл
15.	Өзбекстанда жүзеге асырылған қуғын-сүргін саясаты. Екінші дүниежүзілік соғыс, өзбекстандықтардың майдандағы ерлігі мен қаһармандығы	A2	Қ	6 балл
16.	Гвардияшы генерал-майор Сабыр Рахимов. Өзбекстан ғылымы мен мәдениеті жеңіс жолында	A1	Б	2 балл
17.	Ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыруы	A1	Б	2 балл
18.	Экономикалық реформалар және әлеуметтік саясат. Білім және ғылым	A2	Қ	6 балл
19.	Рухани және мәдени даму. Халықаралық қатынастар және сыртқы саясат	A2	Қ	6 балл
20.	Халықаралық және аймақтық ұйымдармен ынтымақтастық	A2	Қ	6 балл
Жиыны		100 балл		

VIII. Емтихан тәртибі

Тыйым салынған құралдар: емтихан кезінде ұялы телефон, ақылды сағат (smart watch), планшет немесе жазбаларды (шпаргалка) пайдалануға қатаң тыйым салынады.

Әдеп және тәртіп: көшіруге, көмек сұрауға немесе көмек беруге, емтихан кезінде сөйлесуге, рұқсатсыз сыртқа шығуға болмайды.

Бақылаушы тәртіп бұзушылықты анықтаған жағдайда, акт түзіп, тыңдаушыны тесттен шеттетеді және оның нәтижесі жойылады.

IX. Ұсынылатын негізгі әдебиеттер

1. Ежелгі дүние тарихы, 6-сынып оқулығы. А.С.Сагдуллаев, В.А.Костецкий “Yangiyo‘l poligraf servis”, Ташкент-2017.
2. Өзбекстан тарихы, 7-сынып оқулығы. А.Мухаммаджонов «Sharq», Ташкент-2017.
3. Өзбекстан тарихы, 8-сынып оқулығы. У.Жораев, К.Усмонов, Г.Жораева, Н.Норкулов, «O‘qituvchi», Ташкент-2019.
4. Өзбекстан тарихы, 9-сынып оқулығы. С.Тиллабоев, А.Замонов, «Sharq», Ташкент-2019.
5. Өзбекстан тарихы, 10-сынып оқулығы. С. Тиллабоев және т.б. Республикалық білім беру орталығы, Ташкент-2022.
6. Өзбекстан тарихы, 11-сынып оқулығы. А.Замонов, О.Абдимоминов және т.б. Республикалық білім беру орталығы, Ташкент-2025.

1-сұрақ

1. Бір жағы ұрылып, өткірлендірілген дөрекі тас құралы археология ғылымында қалай аталады?

Жауабы:											
Балл:											

2. Соңғы палеолитте өмір сүрген, қазіргі келбеттегі адам қалай аталады?

Жауабы:											
Балл:											

3. Бірге өмір сүріп, еңбек еткен, ортақ еңбек құралдары мен қару-жараққа ие болған туыстар қауымын тап.

Жауабы:											
Балл:											

4. Адамзат тарихындағы ана руы дәуірі қалай аталады?

Жауабы:											
Балл:											

5. 8–9 жастағы неандертал баланың сүйек қалдықтары табылған, орта палеолит дәуірі мәдениетінің әлемге әйгілі ескерткіші болып саналатын тұрақтың атауын анықта.

Жауабы:											
Балл:											

2-сұрақ

1. Төмендегі мәліметтердің қайсысы зороастризм дініне қатысты емес?

I. Діни рәсімдер ашық аспан астында, алау жанында немесе үйдегі ошақ оты жанында өткізілген.

II. Зардушт уағыздарының мәтіндері түгелдей б.з.б. IX–VIII ғасырларда 21 кітапқа жинақталған.

III. Митра отты найзағайлар арқылы зұлымдық пен өлім құдайы Ахриманмен шайқасады.

IV. Бұл дінде адамның негізгі борышы – ең алдымен әділ өмір сүру болып есептелген.

Жауабы:				
Балл:				

2. Төмендегілерден сақтардың екінші тобына қатысты дұрыс жауаптарды анықта.

I. Арал теңізі маңында, Сырдарияның төменгі ағысында өмір сүрген.

II. Сақа-хаумаварка, яғни қасиетті сусынға табынушы сақтар деп аталған.

III. Үшкір төбелі киіз қалпақ киген сақтар деп аталған.

IV. Ташкент облысы мен Оңтүстік Қазақстан жерлерінде өмір сүрген.

Жауабы:				
Балл:				

3. Төмендегі мәліметтердің қайсысы Ахаманилер әулетінің Орта Азияға қарсы жорықтарымен байланысты емес?

I. Сақтардан шыққан шопан жігіт Шырақ ахаманилер билеушісі Дарий І-ге қарсы күрес жүргізді.

II. Соғдыда Спитамен бастаған ірі көтеріліс болады.

III. Дарий І билігінің үшінші жылында сақтарға қарсы жорық жасады.

IV. Кир II массагет патшайымы Томириспен болған шайқаста қаза тапты.

Жауабы:				
Балл:				

4. Македониялық Александрға қатысты емес жауапты тап.

I. Б.з.б. 329 жылы Мароқанданы басып алды.

II. Сақтарға қарсы күресу үшін Александрия Эсхата бекінісін салдырды.

III. «Политимет» (Зарафшан) өзені бойында Спитамен әскерін талқандады.

IV. Б.з.б. 328 жылдың күзінде Спитаменмен шешуші шайқас болды.

Жауабы:				
Балл:				

5. Төмендегілерден Селевкилер мемлекетіне қатысты емес жауапты анықта.

I. Мемлекет құрамындағы Орта Азия аймақтары сатраптықтарға бөлінген.

II. Б.з.б. 323 жылы Селевк Бабыл билеушісі болды.

III. Селевктің ұлы Антиох Шығыс аймақтарының аймақ бастығы (найыбы) болып тағайындалды.

IV. Мемлекет қорғанысы мен әскерді ұйымдастырумен стратег айналысқан.

Жауабы:				
Балл:				

3-сұрақ

1. Дұрыс сәйкестендірілген жауапты анықта.

I. Хорезм II. Кидарилер	А	Орта Азияда 120 жылдан астам уақыт белсенді қызмет атқарған.
	Ә	Билеушісі алғашында «маликшах», кейін «ябғу» атауымен аталған.
	Б	Бүркіт пен лашын мемлекетте билік нышаны болып есептелген.
	В	Эфталиттерден жеңілген соң Солтүстік Үндістанға шегініп, ол жерде 75 жыл билік жүргізген.

	I	II
Жауабы:		
Балл:		

2. Дұрыс сәйкестендірілген жауапты анықта.

I. Истеми II. Тон ябғу	А	Басқару тәртібін реформалап, жергілікті билеушілерге қағандықтың «ябғу» атағын берген.
	Ә	Түріктердің батысқа жорықтарына басшылық жасаған.
	Б	Абруй көтерілісін басып, кедейлер мен қызметшілерді өз қожайындарына қайтарған.
	В	Алтай мен Оңтүстік Сібірде Түрік қағандығының негізін қалаған.

	I	II
Жауабы:		
Балл:		

3. Дұрыс сәйкестендірілген жауапты анықта.

I. Кидариттер – сасанилер II. Эфталиттер – сасанилер	А	456 жылы өзара елшілік қатынастар орнатқан.
	Ә	Екі мемлекет арасындағы соғыс Пероздың қаза табуымен аяқталған.
	Б	VII ғасырдың бірінші жартысында тоғыз рет сауда елшілігі жіберілген.
	В	456 жылы мемлекеттер арасында қақтығыс болған.

	I	II
Жауабы:		
Балл:		

4. Дұрыс сәйкестендірілген жауапты анықта.

I. Бұхара	А	710 жылы Қутайба ибн Муслим тарапынан жаулап алынған.
	Ә	Абруй бастаған Түрік қағандығына қарсы көтеріліс болған.
II. Самарқанд	Б	718 жылы осы қаладан Қытайға сыйлық ретінде дулыға жіберілген.
	В	651 жылы арабтарға соғыссыз берілген қала болып есептеледі.

	I	II
Жауабы:		
Балл:		

5. Дұрыс сәйкестендірілген жауапты анықта.

I. Вазир ул-вузаро	А	Халифатта әскери істерге жауапты болған лауазымды тұлға.
	Ә	Негізгі міндеті уақтан түсетін табысты бөлу болған.
II. Амир ул-умаро	Б	Билеуші жарлықтарын төменгі тапқа жеткізумен айналысқан.
	В	Араб халифатында мемлекеттік басқаруда басты орын алатын ұлы уәзір.

	I	II
Жауабы:		
Балл:		

4-сұрақ

1. Төмендегілерді дұрыс сәйкестендір.

1. Фаржак медресесі

2. Фақиқтар медресесі

а) Бұхарадағы бұл көне ғимарат Х ғасырда салынған;

ә) Самарқандта бой көтерген, екі қабатты, елу бөлмеден тұрады;

б) Орта Азиядағы алғашқы білім ордасы болып саналады;

в) Бұхараның Дарвозаи Мансур махалласында салынған;

г) медресе ашылған күні алғашқы сабақты Шамсиддин Мұхаммед Хавофий өткізген;

ғ) заңгерлер (құқықтанушылар) үшін арнайы салынған.

	1	2
Жауабы:		
Балл:		

2. Тарихи тұлғаларды берілген мәліметтермен дұрыс сәйкестендір.

1. Рофе ибн Лайс

2. Яқуб ибн Лайс

- а) бұл тұлға бастаған көтеріліс тахирилерге қарсы бағытталған;
- ә) аббасилерге қарсы көтеріліске басшылық жасаған;
- б) осы тұлғаның әрекеттері нәтижесінде омейялар құлатылып, орнына аббасилер билікке келген;
- в) Бұхарада болған көтеріліске жетекшілік жасап, Әбу Мүслимге қарсы күрес жүргізген;
- г) 873 жылы Хорасан астанасы Нишапурды басып алуға қол жеткізген;
- ғ) осы тұлғаны ұстау үшін Хорасан найыбы Мамун Саманхудоқтың немерелерінен көмек сұраған.

	1	2
Жауабы:		
Балл:		

3. Төмендегі мемлекеттерді берілген мәліметтермен дұрыс сәйкестендір.

1. Ғазнауилер мемлекеті

2. Саманилер мемлекеті

- а) Наршахидің жазуынша, мемлекеттік басқару негізінен он деуан арқылы жүзеге асырылған;
- ә) аймақ билеушісі – уәли, қала билеушісі – раис деп аталған;
- б) мемлекетте тақ мұрагерін анықтап, ұсынатын кеңес жұмыс істеген;
- в) мемлекет қуатты әскермен қатар әскери флотқа да ие болған;
- г) VII ғасырдың бірінші жартысында мемлекеттің Қытаймен экономикалық байланыстары жанданған;
- ғ) мемлекет гүлденген кезеңінде Мауараннахрды, Хорасанды, Солтүстік және Шығыс Иранды қамтыған.

	1	2
Жауабы:		
Балл:		

4. Орта ғасырларда болған шайқастарды дұрыс сәйкестендір.

1. Хожент қаласы маңындағы шайқас

2. Талас аңғарындағы шайқас

- а) шайқас нәтижесінде Саманилер мемлекеті тарихи сахнадан кеткен;
- ә) бұл шайқаста қытайлар жеңіліске ұшыраған;
- б) осы шайқаста Себуктегин опасыздық жасап, Бұхараны басып алған;
- в) шайқас нәтижесінде қытай әскері ел аумағынан қуылған;
- г) қараханилер мен қарақытайлар арасында болған;
- ғ) қараханилердің елогханы Махмудқа күйрете соққы берілген.

	1	2
Жауабы:		
Балл:		

5. Тарикаттарға байланысты мәліметтерді дұрыс сәйкестендір.

1. Яссауия тариқаты

2. Кубравия тариқаты

- а) дүниеден безуді (тақуа өмірді) теріске шығарады;
- ә) кемелдікке оңашалану және дүниеден безу арқылы жету идеясы ұсынылады;
- б) бұл тариқат Мауараннахрда, Хорасанда және Хорезмде кең таралған;
- в) қандай ауыр кезеңде де Отанды қорғауға және оның тәуелсіздігі үшін күресуге үндейді;
- г) адам баласы жоғары, құрметті жаратылыс ретінде дәріптеледі;
- ғ) оның дамуына Алишер Науаи, Абдурахман Жамий, Хожа Ахрор сияқты ғұламалар үлкен үлес қосқан.

	1	2
Жауабы:		
Балл:		

5-сұрақ

1. Дұрыс сәйкестендірілген жауапты жаз.

Жыл	Тұлға	Оқиға
1381 жыл	Әмір Темір	_____ А _____.
_____ Ә _____.	Әмір Хусейн	Екі күндік қоршаудан кейін Әмір Темірге берілуге мәжбүр болды
1365 жыл	_____ Б _____.	Ташкент пен Шыназ арасындағы Шыршық өзені бойында болған шайқаста жеңіске жетті

1. 1370 жыл
2. Ілиясқожа
3. Тоғылық Темір
4. Хорезмге бесінші рет жорық жасап, оны біржола бағындырды
5. Герат, Сейстан, Мазандаранды алып, Хорасанда да өз билігін орнатты
6. 1363 жыл

Жауабы:	А	Ә	Б
Балл:			

2. Дұрыс сәйкестендірілген жауапты жаз.

Жыл	Тұлға	Оқиға
1385 жыл	Әмір Темір	<u>А</u> .
<u>В</u> .	Клавиho	өз еліне қайтып оралды
1553 жыл	<u>С</u> .	Еуропа ғалымдарының Әмір Темір туралы алғашқы зерттеуі – «Скифтік Темірланның ұлылығы» еңбегі басылып шықты

1. 1404 жыл
2. Франция мен Англияға арнайы елшілер арқылы Карл VI мен Генрих IV атына хаттар жолдады
3. Перондино
4. 1406 жыл
5. Перо Мексика
6. Мысыр сұлтаны Барқуқпен ресми байланыстар басталды.

Жауабы:	А	Ә	Б
Балл:			

3. Дұрыс сәйкестендірілген жауапты жаз.

Жыл	Тұлға	Оқиға
1405 жыл	Халил Сұлтан Мырза	<u>А</u> .
<u>Ә</u> .	Әмір Худойдот	Өратөбе мен Шахрухия қалаларын оңай басып алып, Самарқантқа қарай әскер аттандырды
1411–1412 жылдар	<u>Б</u> .	Мауараннахр мен Түркістанды толық басқару оның қолына өтті

1. 1409 жыл
2. Пір Әли Тоз бастаған бүлікшілердің қолына түсіп қаза табады
3. Шахрух Мырза
4. Самарқантты басып алып, өзін Мауараннахрдың жоғарғы билеушісі деп жариялайды
5. 1410 жыл
6. Мырза Ұлықбек

Жауабы:	А	Ә	Б
Балл:			

4. Дұрыс сәйкестендірілген жауапты жаз.

Жыл	Тұлға	Оқиға
1410 жыл	_____ А _____.	өз одақтастарымен Ұлықбекке қарсы соғысып, оны жеңіліске ұшыратты
1425 жыл	Мырза Ұлықбек	_____ Ә _____.
_____ Б _____.	Шахрух	Хорезмді Алтын Орда иелігінен қайтарып алды

1. Халил Сұлтан Мирза
2. Ыстықкөл маңында болған шайқаста моңғолдарды жеңді
3. 1409 жыл
4. 1413 жыл
5. Шейх Нуриддин
6. Дамаск ауылындағы шайқаста жеңіліске ұшыраған

Жауабы:	А	Ә	Б
Балл:			

5. Дұрыс сәйкестендірілген жауапты жаз.

Жыл	Тұлға	Оқиға
1408 жыл	Мираншах	_____ А _____.
_____ Ә _____.	Ұлықбек	Ферғана мен Қашғарды басып алуға қол жеткізді
1447 жыл	_____ Б _____.	Хорасан тағын иеленуге қол жеткізді

1. 1414 жыл.
2. Уәзірі Пір Әли Тоз бастаған бүлікшілер тарапынан өлтірілді.
3. 1418 жыл.
4. Қара Юсуфпен болған шайқаста жеңіліп, Әзербайжан мен Ирак аймақтары темірліктердің қолынан кетті.
5. Алауддаула.
6. Хусейн Байқара.

Жауабы:	А	Ә	Б
Балл:			

6-сұрақ

1. Төмендегілерден Әбілқайыр ханға қатысты 2 дұрыс жауапты анықта.

- а) Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігінде «Өзбек ұлысы» деп аталған мемлекетке негіз қалады;
- ә) Мауараннахр мен Хорасан темір әулеті өкілдеріне және Моғолстан билеушілеріне ішкі қарсыластарына қарсы күресте әскери көмек көрсете бастады;
- б) Астананы Сығанаққа көшіруі Темір әулетіне қарсы күреске кіріскенін білдірді;
- в) Мауараннахрдың беделді мемлекет қайраткерлері шейхулислам Әбулмакаримнің басшылығымен оны Самарқант тағын иеленуге шақырды.

Жауабы:		
Балл:		

2. Бабыр Мырза мен оның інісі Жахангир Мырза арасындағы әскери-саяси шиеленісті тоқтатқан келісімге байланысты 2 дұрыс жауапты анықта.

- а) Жахангир Мырза Әндіжанды иеленіп, Самарқантқа деген талабынан бас тартты;
- ә) Сырдарияның солтүстік жағы Ахси қаласымен бірге Жахангирде қалды;
- б) Бабыр Мирза Әндіжанға араласпайтын, тек Самарқантпен шектелетін болды;
- в) Сырдарияның оңтүстік жағы Әндіжан қаласымен бірге Бабырда қалды.

Жауабы:		
Балл:		

3. Сұлтан Хусейн Байқара мен Бадиуззаман арасындағы соғыстың шығуына қандай факторлар себеп болды?

- а) Мазандаран мен Сейстанның Музаффар Хусейн Мырзаға сыйға берілуі;
- ә) Сұлтан Хусейн Байқараның Музаффар Хусейн Мырзаға әділетсіз түрде қолдауы еді;
- б) Бадиуззаманның ұлы Момын Мырзаның өлтірілуі;
- в) «Зафарнамада» Бадиуззаманның аты інісінен кейін аталуы.

Жауабы:		
Балл:		

4. Дешті Қыпшақтағы өзбек тайпалары не себепті Мұхаммед Шайбани ханның билікке келуін қолдады?

- а) Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін басталған өзара қырғындардың қайта қайталануын қаламады;
- ә) Темір әулеті тартып алған шығыс аймақтарды қайтаруға бірден-бір қабілетті күш Шайбани хан деп білді;
- б) Хорасан арқылы өтетін сауда жолдарын толық бақылауға алуды көздеді;
- в) өзбек тайпалары бұрыннан толық отырықшы өмір салтына көшуді армандап келген.

Жауабы:		
Балл:		

5. Шайбани әулетінен Убайдулла ханның тарихымыздағы қызметі неде?

- а) Самарқандтың астана ретіндегі беделін жан-жақты арттырды;
- ә) Исмаил Сефеви әскерінің шабуылдарын тойтарып, Мауараннахрды олардың әскери-саяси қысымынан қорғап қалды;
- б) Бабыр әулетінің билеушісі Шахжаханмен елшілік байланыстарды дамытты;
- в) ел ішіндегі саяси бытыраңқылықты жойды.

Жауабы:		
Балл:		

7-сұрақ

1. Венн диаграммасына сүйене отырып, төменде берілген маңғыт билеушілеріне қатысты тарихи оқиғаларды салыстыр.

I. Мұхаммед Рахимби

II. Шахмұрад




- а) Самарқандты қалпына келтіру шараларын қолға алды;
- ә) халыққа сүйеніп билік жүргізді және әділет қағидаларын қатаң ұстанды;
- б) барлық маңғыт бектеріне үлкен жер-мүлікті танхо мүлік ретінде берді;
- в) Бұхара халқын Хиуа хандығына қарсы елді қорғауға шақырды;
- г) орталық билікке бағынғысы келмеген тайпаларды қонысынан көшіру тәжірибесін қолданды.

	I	II	III
Жауабы:			
Балл:			

2. Венн диаграммасына сүйене отырып, төменде берілген мемлекеттерді салыстыр.

I. Бұхара әмірлігі

II. Қоқан хандығы




- а) Әмудария өз арнасын өзгертуі нәтижесінде ел экономикалық дағдарысқа ұшырады;
- ә) XIX ғасырдың бірінші жартысында Өратөбе үшін бірнеше рет күрес жүргізді;
- б) 1832 жылы Пекинде Қытаймен келісімшартқа қол қойылды;
- в) XIX ғасырдың бірінші жартысында мемлекет аумағы 200 мың км² болып, халқы 2 млн адамды құрады;
- г) А. Бекович-Черкасский басқарған экспедиция қайғылы аяқталды.

	I	II	III
Жауабы:			
Балл:			

3. Венн диаграммасына сүйене отырып, төменде берілген билеушілерді салыстыр.

I. Әмір Хайдар


II. Мұхаммед Рахимхан I



- а) мемлекеттік басқару жүйесін реформалап, Жоғарғы Кеңес пен Кіші Кеңесті енгізді;
- ә) Арабхан және Мұхаммед Амин инақ медреселерін қайта салдырды;
- б) 1804 жылы Мервте інісі Діннасырбек бастаған көтеріліс болды;
- в) Шахрисабз бен Китабты бағындыру үшін 30 жыл күрес жүргізді;
- г) 1822 жылы Мерв үшін күрес жүргізді.

	I	II	III
Жауабы:			
Балл:			


4. Венн диаграммасына сүйене отырып, төменде берілген билеушілерді салыстыр.

I. Араб Мұхаммед хан**II. Елбарс хан (шайбани)**

- а) Уәзір қаласын Иран әскерінен азат еткені үшін ұлдарының атына «ғазиз» лақабын қосуды бұйырды;
- ә) мемлекет астанасын өзгертті;
- б) қоңыраттар әулетінің билігін ресми түрде жариялады;
- в) оның билігі кезінде мемлекет Хиуа хандығы деп атала бастады;
- г) кеден жүйесін реформалап, елде ішімдікке тыйым салды.

	I	II	III
Жауабы:			
Балл:			

5. Венн диаграммасына сүйене отырып, төменде берілген шайбани билеушілеріне қатысты тарихи оқиғаларды салыстыр.

I. Убайдулла хан**II. Абдулла хан II**

- а) Балхты Иран сефевилерінен тартып алып, ол жерге інісі Уәли Мұхаммедті әкім етіп тағайындады;
- ә) сефевилерге қарсы күресте рухани дем берушісі болған Абдулла Саброни тарапынан қолдау тапты;
- б) Хорезмге жорық жасап, Хиуа хандығын бағындырды;
- в) ел аймақтарын ұлдары мен жақын туыстарына жеке меншікке бөліп беруі нәтижесінде саяси бытыраңқылық күшейді;
- г) сефевилерге қарсы күрес нәтижесінде Хорасанның шығыс бөлігін иеленді.

	I	II	III
Жауабы:			
Балл:			

8-сұрақ

1. Төмендегі мәліметтерді талдап, оқиға мен оның нәтижесінің дұрыс немесе бұрыс екенін анықта.

№	Оқиға	Нәтиже
1	Шыңғыс хан Үргеніш қаласын басып алып, Әмудария бөгетін бұздырғандықтан өзен арнасы өзгерді.	Арал маңындағы қарақалпақтардың бір бөлігі Еділ мен Жайық өзендері бойына, сондай-ақ Сырдария аңғарына көшуге мәжбүр болды.
2	XVI ғасырдың екінші жартысында Ноғай хандығы ыдырады.	Қарақалпақтар Сырдарияның төменгі ағысына көшіп келіп, қазақтардың Кіші жүзі құрамына кірді.
3	Хиуа ханы Саид Мұхаммед хан қарақалпақ халқының қатты қысымымен оларға өзін-өзі басқару құқығын берді.	Хиуа хандығы құрамында болса да, қарақалпақ мемлекеттілігі іс жүзінде қайта қалпына келтіріліп, бүкіл билік инақтың қолына шоғырланды.

	Дұрыс			Бұрыс		
Жауабы:						
Балл:						

2. Төмендегі мәліметтерді талдап, оқиға мен оның нәтижесінің дұрыс немесе бұрыс екенін анықта.

№	Оқиға	Нәтиже
1	Қарақалпақтар Кіші жүз ханы Әбілқайыр ханға қарсы соғыста жеңілді.	Сырдария бойындағы қарақалпақтар жан-жаққа тарап кетті.
2	Хиуа ханы Аллақұл хан Айдос би бастаған көтерілісті басу үшін әскер жіберді.	Әскер жеңіліп, астанасы Жанкент болған қарақалпақ мемлекеті құрылды.
3	1731 жылы Ресей өз елшісі М. Тевкелевті Әбілқайыр ханның ордасына жіберді.	Кіші жүз құрамындағы қарақалпақтар Ресей азаматтығына қабылданды.

	Дұрыс			Бұрыс		
Жауабы:						
Балл:						

3. Төмендегі мәліметтерді талдап, оқиға мен оның нәтижесінің дұрыс немесе бұрыс екенін анықта.

№	Оқиға	Нәтиже
1	Хиуа ханы Аллақұл хан Бұхара әмірлігіне қарсы жорық жасады.	Әмір Хайдар 40 күн қоршауда ұстаған Қоқан қаласын тастап кетуге мәжбүр болды.
2	1740 жылы Ферғана аңғарына жоңғарлар шабуыл жасады.	Жоңғарларға қарсы күресте қыпшақтар мыңдарға көмектесіп, шабуыл үлкен қиындықпен тойтарылды.
3	XVIII ғасырдың екінші жартысында Қоқан хандығы Қытай шабуылына ұшырады.	Қоқан жеңіліп, Ерданабидің билігі дағдарысқа ұшырады.

	Дұрыс			Бұрыс		
Жауабы:						
Балл:						

4. Төмендегі мәліметтерді талдап, оқиға мен оның нәтижесінің дұрыс немесе бұрыс екенін анықта.

№	Оқиға	Нәтиже
1	1832 жылы Пекинде Қоқан–Қытай келісімшартына қол қойылды.	Қытай билеушісі Қашқарда саудагерлерден баж жинау құқығын алды.
2	1842 жылы Қоқан хандығы аумағында ірі көтеріліс болды.	Бұхара әмірінің Қоқандағы найыбы мен бектердің билігі жойылды.
3	Норбота би Наманған билеушісі Ирисқұл биге қарсы әскер аттандырды.	Ирисқұл би жеңіске жетіп, Хожент пен Өратөбеде билікті қолға алды.

	Дұрыс			Бұрыс		
Жауабы:						
Балл:						

5. Төмендегі мәліметтерді талдап, оқиға мен оның нәтижесінің дұрыс немесе бұрыс екенін анықта.

№	Оқиға	Нәтиже
1	Ерданаби Қытаймен қорлайтын келісімге қол қоюға мәжбүр болды.	Қоқан хандығы өзінің Қытайға тәуелді екенін мойындады.
2	Ош халқы салықтардың шамадан тыс ауырлығына байланысты 1845 жылы көтеріліс жасады.	Мұсылманқұл көтерілісті басып, күйеу баласы Шерали ханды сол жерге әкім етіп тағайындады.
3	Мадали хан 1825 жылы Қашқар халқының Қытайға қарсы азаттық күресін қолдады.	Қытай үкіметі Қоқанның Шығыс Түркістандағы сауда жүргізуіне тыйым салды.

	Дұрыс			Бұрыс		
Жауабы:						
Балл:						

9-сұрақ

1. Төмендегі мәліметтерді талдап, оқиға мен оның нәтижесінің дұрыс немесе бұрыс екенін анықта.

	Оқиға	Нәтиже
1	Әмір Насрулло ағылшын елшілері Ч. Стодарт пен А. Коноллиді өлім жазасына кесті.	Англия үкіметі Бұхараға қарсы Ауғанстанмен келісім жасап, оларды қаруландырды.
2	Зирабұлақ шайқасынан кейін Әмір Музаффар өзінің жеңілгенін мойындап, фон Кауфманның жаңа шекаралар туралы ұсынысын қабылдады.	Ресей империясының жаулап алу жорықтарының үшінші кезеңі аяқталды.
3	1877 жылы Ташкентте «Қала ережесі» енгізілді.	Қалалық басқару Думаға өтті.

	Дұрыс			Бұрыс		
Жауабы:						
Балл:						

2. Төмендегі мәліметтерді талдап, оқиға мен оның нәтижесінің дұрыс немесе бұрыс екенін анықта.

	Оқиға	Нәтиже
1	АҚШ-та 1861–1865 жылдары азамат соғысы болды.	Ресейдің тоқыма өнеркәсібі үшін мақта шикізаты тапшылығы пайда болды.
2	1869–1870 жылдары Ресей империясы мен Англия арасында Орта Азиядағы шекараларды белгілеу туралы келіссөздер жүргізілді.	Шекара Әмудария бойымен Панж аймағы арқылы өтетіні келісілді.
3	Александр III жаңа «Түркістан өлкесін басқару туралы Ережені» бекітті.	Самарқант облысы Зарафшан округіне айналдырылды.

	Дұрыс	Бұрыс
Жауабы:	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Балл:		

3. Төмендегі мәліметтерді талдап, оқиға мен оның нәтижесінің дұрыс немесе бұрыс екенін анықта.

	Оқиға	Нәтиже
1	1853 жылы орыс әскерлері Ақмешіт қамалына екінші рет шабуыл бастады.	12 күндік қарсылықтан кейін қамал алынып, оған Перовский форты деген атау берілді.
2	1868 жылы Әмір Музаффар Бұхара әмірлігін Ресей империясының протекторатына айналдырған шартқа қол қойды.	Ресейлік саудагерлерге сауда агенттіктерін ашуға рұқсат беріліп, тауарлардан алынатын баж салығы жалпы құнының 5 пайызынан аспауы белгіленді.
3	XIX ғасырдың 80-жылдарында Түркістан генерал-губернаторы кеңесі енгізілді.	Түркістан әскери округі штабының бастығы да осы Кеңестің тұрақты мүшесі болды.

	Дұрыс	Бұрыс
Жауабы:	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Балл:		

4. Төмендегі мәліметтерді талдап, оқиға мен оның нәтижесінің дұрыс немесе бұрыс екенін анықта.

	Оқиға	Нәтиже
1	Черняев Шымкент қаласын басып алды.	1864 жылы қолға түсірілген қамалдар Жаңа Қоқан шебі негізінде біріктірілді.
2	1873 жылдың ақпанында Хиуаны басып алу үшін төрт әскери округтен 12 мыңнан астам сарбаз аттанды.	Красноводск пен Маңғышлақтан шыққан әскер аптап ыстық пен су жетіспеушілігі салдарынан жолдың жартысынан кері қайтуға мәжбүр болды.
3	1886 жылы Түркістан өлкесі бойынша жаңа Ереже қабылданды.	Дәстүрлі жер иелену қатынастары өзгертілгенімен, өлкеде ірі жер иелену сақталып қалды.

	Дұрыс	Бұрыс
Жауабы:	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Балл:		

5. Төмендегі мәліметтерді талдап, оқиға мен оның нәтижесінің дұрыс немесе бұрыс екенін анықта.

	Оқиға	Нәтиже
1	1873 жылы Хиуа ханы Мұхаммед Рахимхан II фон Кауфманмен Гандимиян ауылында вассалдық туралы шартқа қол қойды.	Хиуа хандығы 2 млн рубль мөлшеріндегі өтемақыны 20 жыл бойы төлеуге міндеттелді.
2	Н. Верёвкин Түркістан қорғаушылары берілмесе, қаланы жаппай атқылап, Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қирататынын ультиматум ретінде қойды.	Әлиқұли өз әскерін Түркістаннан шығарып, Шымкент қорғанысын күшейту үшін шегінді.
3	1886 жылғы Ереже бойынша Түркістанда сот жүйесі реформаланды.	Өлкеде сот тергеушілері, облыстық прокурор және олардың көмекшісі лауазымдары жойылды.

	Дұрыс	Бұрыс
Жауабы:	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Балл:		

10-сұрақ

1. Төмендегі мәліметтердің хронологиялық ретін анықта.

а) Ресейден халықтың Ферғана облысына жаппай қоныс аударылуы жері тар әрі халқы тығыз орналасқан алқаптың жағдайын тым нашарлатып жіберді;

ә) Әндіжанда Дарвешхан басшылығымен көтерілісшілер күрес тәсілдерін өзгертіп, байлар мен болыс бастықтарының резиденцияларына шабуыл жасады;

б) халық барлық салықтарды төлегеніне қарамастан, Хожент уезінің бастығы Хожент пен Оратөбе аудандары тұрғындарынан қосымша жер салығын алынатынын жариялады.

Жауабы:			
Балл:			

2. Төмендегі мәліметтердің хронологиялық ретін анықта.

а) отаршылдар қарапайым азаматтарды әкімшілікке қарсы шыққан жағдайда тікелей әскери дала сотына бере бастады;

ә) отаршылдардың саяси және экономикалық езгісіне қарсы Мингтөбеде Етимхан басшылығымен көтеріліс басталды;

б) көтерілістің алдын алмағаны үшін Ферғана облысының әскери губернаторы мен бірнеше шенеунік Н. Корольков тарапынан қызметінен босатылды.

Жауабы:			
Балл:			

3. Төмендегі мәліметтердің хронологиялық ретін анықта.

а) Мингтөбеде отаршылдардың саяси және экономикалық езгісіне қарсы Етимхан басшылығымен көтеріліс басталды;

ә) әскери министр Н. Куропаткин жаңадан тағайындалған Түркістан генерал-губернаторы С.М. Духовскойға өлім жазасын көбейтпеу туралы жеделхат жолдады;

б) Түркістан өлкесінде «Әскери жағдайда деп жарияланған жерлер туралы Ереже» енгізілді.

Жауабы:			
Балл:			

4. Төмендегі мәліметтердің хронологиялық ретін анықта.

а) Тәжікқышлақтағы телеграф сымдарының қиылып тасталуымен Әндіжанда көтеріліс басталды;

ә) Марғилан тұрғындары салық жинаудың заңсыз сипат алғанына қарсы шығып, салықты азайтуды талап етіп облыстық басқарма ғимаратының алдына жиналды;

б) Санкт-Петербург Түркістан генерал-губернаторының өтінішін қанағаттандырып, өлкеде «миршабтық жағдайды» енгізуге рұқсат берді.

Жауабы:			
Балл:			

5. Төмендегі мәліметтердің хронологиялық ретін анықта.

а) Ерназар би басшылығындағы қарақалпақтар бұдан былай Хиуа хандығына бағынбайтындарын жариялады;

ә) диқандарының жағдайының ауырлауына байланысты Нөкіс болысы мен Қоңырат бектігінде наразылық қозғалыстары өтті;

б) Түркістан генерал-губернаторлығының Сырдария облысы құрамына кіретін Әмудария бөлімі құрылды.

Жауабы:			
Балл:			

11-сұрақ

1. Орта Азиядағы жаңашылдық (тараққияпарварлық) қозғалысы аумақтық ерекшелігіне қарай 3 бөлікке бөлінді. Соның ішінде Бұхара жәдидшілігіне қатысты мәліметтерді анықта.

а) жәдидшілік екі ағымнан: оң және сол ағымнан тұрды;

ә) бұл жаңашылдық қозғалысы Түркістан өлкесіне қарағанда ауыр әлеуметтік-саяси жағдайда қалыптасты;

б) салықтарды азайту талабымен де шықты;

в) Шамсиддин домла басшылығымен саяси-әкімшілік жүйені өзгерту жобасы әзірленді.

Жауабы:			
Балл:			

2. 1893 жылы Ысмайыл Ғаспыралының бірнеше қалаға сапар жасауы Орта Азиядағы жаңашылдық (тараққияпарварлық) қозғалысына қалай әсер етті?

а) ағартушылық идеялардың одан әрі дамуына түрткі болды;

ә) ағартушылық 1895 жылдан бастап саяси сипаттағы қозғалысқа айналды;

б) Түркістан халық кітапханасы ашылып, халықтың сауатын ашу ісі жаңа кезеңге көтерілді;

в) Бұхара әмірлігінде алғашқы жаңа әдісті мектеп жұмыс істей бастады.

Жауабы:			
Балл:			

3. Жәдидтер елдің экономикалық тәуелсіздігін қандай жолмен қамтамасыз етпек болды?

а) қолданыстағы салықтарды азайту арқылы халықтың экономикалық жағдайын жақсарту;

ә) шектеулі монархия енгізу арқылы мемлекеттік қазынаға халықтық бақылау орнату;

б) барлық саланы дамытуға қабілетті жергілікті кадрлар даярлау;

в) жерді, жер асты және жер үсті байлықтарын, суды Түркістан халықтарының ортақ байлығы деп жариялау.

Жауабы:			
Балл:			

4. Жәдидтер ұйымдастырған жаңа әдісті мектептерге қатысты дұрыс жауаптарды анықта.

- а) білім беру үдерісінде еуропалық стандарттар негізге алынды;
- ә) бастапқыда Қазан және Орынборда басылып шыққан оқулықтар мен оқу құралдары пайдаланылды;
- б) оқу күні екі бөлімнен тұрды: бірінші бөлімде сабақты орыс мұғалімі, екінші бөлімде жергілікті мұғалім жүргізді;
- в) бұл мектептер желісін құру жобасын Г. Розенбах дайындады.

Жауабы:		
Балл:		

5. Түркістан өлкесінде азаттық пен ұлт болашағы үшін күрескен ағартушы-саяси қайраткер Мунавварқориге қатысты дұрыс жауаптарды анықта.

- а) 1909 жылы ислам діні тарихына қатысты еңбек жазды;
- ә) мектептерге арналған «Адиби аввал», «Адиби соний», «Ер юзи» сияқты оқулықтарды басып шығарды;
- б) 1916 жылы Қоқанда өз театрын құрды;
- в) оның редакторлығымен «Хуршид» газеті жарық көрді.

Жауабы:		
Балл:		

12-сұрақ

1. Ташкентте ашылған, кейбір пәндерге мамандандырылған және солар бойынша терең білім беретін оқу орнын анықта.

Жауабы:																				
Балл:																				

2. 1913 жылы бірнеше айыппен өлім жазасына кесілген Хиуа хандығының бас уәзірін тап.

Жауабы:																				
Балл:																				

3. 1908 жылы Ұлықбек обсерваториясы ғимаратының қалдықтарын және обсерваторияға тиесілі құрал-жабдықтардың бір бөлігін табуға қол жеткізген орыс археологін анықта.

Жауабы:																				
Балл:																				

4. Қоқан қаласында өмір сүріп, әйелдердің қоғамдағы және отбасындағы құқықсыз жағдайы туралы ащы шындықты жазған ақын әйелді тап.

Жауабы:																				
Балл:																				

5. Махмудқожа Бехбудийдің жәдид әдебиетінде жазылған алғашқы ұлттық жазба сахналық шығармасы қалай аталады?

Жауабы:																			
Балл:																			

13-сұрақ

1. 1917 жылы Ташкентте құрылған «Фуқаһо қоғамы» қандай мақсатта ұйымдастырылды?

- а) медреселердің шығындарын амлок мүлкі есебінен өтеу;
- ә) отарлық кезеңде шариғат мәселелерін шешу;
- б) ханафилік мәзһабын кейінгі ұрпаққа жеткізу;
- в) мешіт имамдарын дайындайтын арнайы орталық құру.

Жауабы:		
Балл:		

2. Жәдидтер Ақпан оқиғаларынан кейін бірқатар саяси талаптарды алға тартты. Төмендегілердің ішінен ұсынылған саяси талаптарды тап.

- а) жергілікті халықтың құқықтарын кеңейту;
- ә) «Иттифоқи муслимин» құрамынан кеңестерді шығару;
- б) саяси тұтқындардың жаза мерзімін қысқарту;
- в) өлкені басқару мәселесінде реформалар жүргізу.

Жауабы:		
Балл:		

3. Отарлық кезеңде Ташкентте метеорологиялық станция ашудың мақсаты қандай болды?

- а) ғалымдар қоғамын қалыптастыру;
- ә) теміржол станцияларын ұйымдастыру;
- б) Түркістан аумағын картаға түсіру;
- в) өлкенің климатын зерттеу.

Жауабы:		
Балл:		

4. Ресейде болған Ақпан төңкерісінің нәтижесінде мемлекеттің саяси өмірінде қандай өзгерістер орын алды?

- а) билік Уақытша үкіметтің қолына өтті;
- ә) Романовтар әулетінің билігіне нүкте қойылды;
- б) «Иттиходи ва таракқий» партиясы үлкен өкілеттіктерге ие болды;
- в) Ресей Думасының мәртебесі нығайтылды.

Жауабы:		
Балл:		

5. 1917 жылғы 16–23 сәуір күндері өткен Бүкілтүркістан мұсылмандарының I өлкелік құрылтайында қандай мәселелер талқыланды?

а) Кеңестердің өлкені басқарудағы өкілеттіктерін кеңейту мәселесі қаралды;
ә) өлкеде тәркіленген жерлерді жергілікті халыққа қайтару туралы шешім қабылданды;

б) «Шұройи Исломия» мен «Шұройи Уламо» бірыңғай «Иттифоқи Муслимин»-ге біріктірілді;

в) Түркістан мұсылмандарының Орталық Шурасын құруға келісім жасалды.

Жауабы:			
Балл:			

14-сұрақ

1. XX ғасырдың 20-жылдарында Түркістанда ірі жер иелері, яғни «құлақтар» ресми құжаттарда тағы қандай атаумен аталды?

Жауабы:																	
Балл:																	

2. «Фуқаһо» қоғамының басылымын тап.

Жауабы:																	
Балл:																	

3. «Турон» театры группасының алғашқы спектакльдері қай театр–цирк ғимаратында қойылды?

Жауабы:																	
Балл:																	

4. 1929 жылға дейін Өзбекстан КСР құрамында болған мемлекеттің атауын тап.

Жауабы:																	
Балл:																	

5. «Өзбекстан Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы Декларация» қай қалада қабылданды?

Жауабы:																	
Балл:																	

15-сұрақ

1. XX ғасырдың 20-жылдарындағы қуғын-сүргін кезеңінде ойдан шығарылған «Қосимовшылдық» тобы өкілдеріне қандай айыптар тағылды?

- а) «басмашыларды» қолдау;
- ә) өзбек дивизиясын ұлттық сипатқа көшіру;
- б) Өзбекстанды КСР құрамынан бөліп алып, тәуелсіз ету;
- в) ислам дінін қорғау.

Жауабы:		
Балл:		

2. XX ғасырда қуғын-сүргінге ұшыраған «Миллий Иттиҳод» және «Миллий истиклол» ұйымы мүшелеріне қатысты дұрыс жауаптарды анықта.

- а) аталған топқа Өзбекстан Жоғарғы сотының бұрынғы прокуроры Шамсутдин Бадриддинов жетекшілік еткен;
- ә) 1929 жылы қамауға алынғанымен, олардың үстінен сот Мәскеуде 1931 жылы өтті;
- б) топ мүшелерінен 15 өзбек азаматы атылды, қамауға алынғандардың дерлік ешқайсысы Ташкентке қайта оралмады;
- в) оларға «контрреволюциялық ұлтшыл ұйым» мүшелерімен байланыс орнату, ислам дінін қорғау сияқты айыптар тағылды.

Жауабы:		
Балл:		

3. 1938 жылғы 10 қазанда М. Миршароповтың атылуына себеп болған айыптарды тап.

- а) «басмашыларды» қолдау;
- ә) өзбек дивизиясын ұлттық сипатқа көшіру;
- б) Өзбекстанды КСР құрамынан бөліп алып, тәуелсіз ету;
- в) ислам дінін қорғау.

Жауабы:		
Балл:		

4. Төмендегілерден дұрыс мәліметтерді тап.

- а) Шоахмад Шоахмудов пен оның жұбайы Бахри Акромова түрлі ұлт өкілдерінен 14 баланы тәрбиесіне алды;
- ә) соғыста жараланып оралған каттақорғандық Хамид Самадов кейін Өзбек КСР Министрлер Кеңесін басқарды;
- б) самарқандтық Фотима Қосимова ерлік көрсетіп, «Хужум» қозғалысы кезінде бірнеше әйелді өлімнен аман алып қалды;
- в) Ташкенттен Мәскеуге жіберілген азық-түлік тиелген эшелондардың бір тобына майданда соғысқан үш ұлдың әкесі Хасан Исламов жетекшілік етті..

Балл:		
Жауабы:		

5. Екінші дүниежүзілік соғыста ерлік көрсеткен өзбек азаматтарына қатысты дұрыс мәліметтерді ажырат.

а) Италиядағы Қарсылық қозғалысының қатысушысы Хошим Исмаиловқа батырлық мәртебесіндегі «Отансүйгіш куәлігі» берілді;

ә) Тожибой Зияев Берлин операциясында ерлік көрсетіп, Одер өзенінен алғашқылардың бірі болып өтті;

б) Харьков облысындағы Трудолюбовка ауылы үшін шайқаста Қочкор Турдиев жауға қарсы шабуыл ұйымдастыруда ерлік көрсетті;

в) мергендік өнерді меңгеріп, Ленинград бағытындағы шайқастардың бірінде ауыр жараланған Зебо Ғаниева жалпы 129 фашисті жойған еді.

Балл:		
Жауабы:		

16-сұрақ

1. Екінші дүниежүзілік соғыста бес баласынан айырылған Зулфия Закироваға арналған монументалды ескерткіш қалай аталады?

Жауабы:																				
Балл:																				

2. 1941 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатса да, Әлішер Науаи туғанына 500 жыл толуына орай ғылыми жиын қай қалада өткізілді?

Жауабы:																				
Балл:																				

3. Мухтор Ашрафийдің жазған, фашизмге қарсы күреске арналып, мемлекеттік марапатқа лайық деп танылған шығармасының атын тап.

Жауабы:																				
Балл:																				

4. 1943 жылғы 4 қарашада құрылған Өзбекстан КСР Ғылым академиясы мамандары қандай ГЭС жобасын жасап шығарды?

Жауабы:																				
Балл:																				

5. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Кеңес үкіметі Батыс мемлекеттерімен саяси одақ құру үшін дінге және дінге қарсы саясатты түбегейлі өзгертуге мәжбүр болды. Осыған байланысты дінге қарсы белсенді насихат жүргізетін қай журнал жабылды?

Жауабы:																				
Балл:																				

17-сұрақ

1. Түркістан Мұхтариаты кезеңінде заманауи түрде жасалған алғашқы мемлекеттік әнді жазған автордың лақап атын тап.

Жауабы:																	
Балл:																	

2. Негізгі идеясы теңдік, заң үстемдігі және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету болып табылатын Өзбекстандағы алғашқы социал-демократиялық партияның атын анықта.

Жауабы:																	
Балл:																	

3. Заң шығарушы орган, яғни Өзбекстан парламенті бастапқыда қандай атпен қызмет атқарды?

Жауабы:																	
Балл:																	

4. Туындаған дауды тараптары өзара келісімді шешімге жетуі үшін олардың ерікті келісімі негізінде медиатор көмегімен шешу әдісі қалай аталады?

Жауабы:																	
Балл:																	

5. Қоғамда екі немесе одан көп партияның қызмет атқаруы қалай аталады?

Жауабы:																	
Балл:																	

18-сұрақ

1. 2017 жылдан бастап еліміздегі сот жүйесінде қандай өзгерістер болды?

а) сот шешімдерін қарауда алты сатылы тәртіптен бас тартып, үш сатылы жүйе енгізілді;

ә) қадағалау инстанциясы: халықаралық ұйымдар сынға алған қадағалау сатысы енгізілді;

б) Жоғарғы соттар құрамындағы Соттар қызметін қамтамасыз ету департаменті жабылды;

в) «Бір сот – бір инстанция» қағидасы бойынша әр іс тек тиісті инстанцияда қаралатын болды, бұл қайта қарауды азайтты.

Жауабы:		
Балл:		

2. 2022 жылы құрылған Конституциялық комиссияға қатысты дұрыс жауаптарды анықта.

а) комиссия мүшелері 16 адамнан тұрады және заң шығарушы палатамен тағайындалады;

ә) конституцияға өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарды жинайды және талдайды;

б) жаңа редакциядағы Конституция жобасын жалпыұлттық талқылауға қояды;

в) комиссияның мандат мерзімі 2,5 жыл, ашықтық пен коллегиалдық принципке негізделген.

Жауабы:		
Балл:		

3. Өзбекстан тәуелсіздікке қол жеткізген соң ұлттық қауіпсіздік пен аумақтық тұтастықты қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қабылданды?

а) Ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Өзбекстан билігіне өтті;

ә) КСРО-ның Өзбекстандағы әскери бөліктері Жоғарғы сотқа бағындырылды;

б) Қорғаныс істері министрлігі құрылды;

в) 1992 жылдан бастап түрлі әскери округтерде сержанттар дайындайтын мектептер ашылды;

Жауабы:		
Балл:		

4. Қазіргі уақытта МҚК (Мемлекеттік қауіпсіздік қызметі) қандай бағыттарда қызмет атқарады?

а) халық құқықтарын қамтамасыз ету және қылмыстың алдын алу;

ә) кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстармен жұмыс;

б) ішкі және сыртқы қауіптерді анықтау және жою;

в) коррупция және басқа да қауіпті қылмыстардың алдын алу;

Жауабы:		
Балл:		

5. 1992 жылы “Жер туралы” заң қабылданып, оған сәйкес...

- а) шағын жер учаскелері тұрғындарға жеңілдетілген түрде жеке меншікке берілді;
- ә) жерлер мемлекеттік мүлік деп белгіленді;
- б) жерлерді мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін 12 адамнан тұратын арнайы комиссия құрылды;
- в) дехқандар мен фермерлерге жерді ұзақ мерзімді жалға пайдалану құқығы берілді.

Жауабы:		
Балл:		

19-сұрақ

1. Еліміз тарихына қатысты ақпараттардың хронологиялық тәртібін анықта.
 1. Әлішер Науаи атындағы мемлекеттік академиялық үлкен театр ғимараты қайта жөнделді.
 2. Хамза атындағы өзбек мемлекеттік академиялық драма театрына “Ұлттық театр” мәртебесі берілді.
 3. Ташкентте «Түркістан» өнер сарайы жұмысын бастады.

Жауабы:			
Балл:			

2. Еліміз тарихына қатысты ақпараттардың хронологиялық тәртібін анықта.
 1. Отандастарымыздың қажылық парызын орындауы үшін Сауд Арабиясына бару мүмкіндігі жасалды.
 2. Наурыз мейрамы адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы ретінде ЮНЕСКО тарапынан танылды.
 3. Ислам діні саласында білікті кадрлар даярлау мақсатында Ташкент ислам университеті ашылды.

Жауабы:			
Балл:			

3. Еліміз тарихына қатысты ақпараттардың хронологиялық тәртібін анықта.

1. БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясы бойынша Орталық Азия ресми түрде ядрсыз аймақ деп жарияланды.
2. Еліміз ұсынысымен Ауғанстан мәселесі бойынша “6+2” диалог тобы құрылды.
3. БҰҰ тарапынан Ағарту мен дінге бауырмалдық туралы резолюция қабылданды.

Жауабы:				
Балл:				

4. Еліміз тарихына қатысты ақпараттардың хронологиялық тәртібін анықта.
 1. Өзбекстан ЮНЕСКО мүшелігіне қабылданды.
 2. ЮНЕСКО-ның Самарқантта Орталық Азия зерттеулері халықаралық институты құрылды.
 3. Мырза Ұлықбек туғанына 600 жыл толуы ЮНЕСКО қолдауымен кең көлемде аталып өтті.

Жауабы:			
Балл:			

5. Еліміз тарихына қатысты ақпараттардың хронологиялық тәртібін анықта.
 1. Дели қаласындағы Джамия Миллий Ислам университетінде өзбек тілі мен мәдениеті орталығы ашылды.
 2. «КІА» компаниясымен серіктестікте Жизақ облысында заманауи автокөліктер шығару жолға қойылды.
 3. Үргенш қаласында «Өзбек-түркмен достық үйі» ашылды.

Жауабы:			
Балл:			

20-сұрақ

1. Дұрыс сәйкестендірілген жауапты анықта.

1. БҰҰ	а) Дж. Неру осы ұйымға қатысты «адамзаттың ар-ожданы» деген анықтама берген; ә) Өзбекстан осы ұйымға 2001 жылы мүше болған; б) 10 маусымды Өркениеттер арасындағы халықаралық диалог күні деп жариялау туралы резолюция қабылданды; в) Минскіде өткен саммитте ұйым жарғысы қабылданды.
2. ЮНЕСКО	

Жауабы:	1	2
Балл:		

2. Дұрыс сәйкестендірілген жауапты анықта.

1. Түркі мемлекеттері ұйымы ынтымақтастығы	а) елімізде ұйымның 2015–2030 жылдарға арналған «Тұрақты даму мақсаттары» бағдарламасы белсенді жүзеге асырылуда; ә) Өзбекстан аталған ұйымға 2019 жылы мүше болды; б) 2016 жылы Ташкенттегі саммитте Үндістан мен Пәкістанның осы ұйымға мүше мемлекет мәртебесін алуы жөніндегі тиісті құжаттарға қол қойылды; в) Алматы декларациясына сәйкес Өзбекстан осы ұйымға мүше болды.
2. ШЫҰ	

Жауабы:	1	2
Балл:		

3. Дұрыс сәйкестендірілген жауапты анықта.

1. БҰҰ	а) 2020 жылы Өзбекстан осы ұйымға төрағалық етті; ә) осы ұйыммен ынтымақтастықта Марғиланда «Атлас мерекесі» фестивалі ұйымдастырылып келеді; б) ұйымның Аймақтық антитеррорлық құрылымы Ташкент қаласында қызмет етеді; в) 2018 жылы ұйымның Арал өңірі үшін арнайы траст қоры құрылды.
2. ЮНЕСКО	

Жауабы:	1	2
Балл:		

4. Дұрыс сәйкестендірілген жауапты анықта.

1. ТМД	а) осы ұйымда Әлішер Науаи атындағы халықаралық сыйлық тағайындалып, алғаш рет бұл сыйлық Шыңғыс Айтматовқа берілді; ә) 2021–2023 жылдары Өзбекстан алғаш рет осы ұйымның Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің мүшесі болды; б) ұйымның кейбір құрылымдары Мәскеуде орналасқан; в) Астана саммитінде Үндістан мен Пәкістан ұйымға ресми түрде мүше болды.
2. Түркі мемлекеттері ұйымы	

Жауабы:	1	2
Балл:		

5. Дұрыс сәйкестендірілген жауапты анықта.

1. ЮНЕСКО	а) осы ұйымның Ташкентте Халық дипломатиясы орталығы құрылды; ә) Самарқантта осы ұйымның Орталық Азия зерттеулері халықаралық институты құрылды; б) Орталық және Оңтүстік Азияда өзара байланыстарды нығайту жөніндегі резолюция қабылданды; в) ұйымның бас органы – атқарушы комитет, оның штаб-пәтері Минск қаласында орналасқан.
2. ШЫҰ	

Жауабы:	1	2
Балл:		